

Торайғыров университетінің  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайғыров университета

---

**ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ХАБАРШЫСЫ**

**Филологиялық сериясы**  
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК  
ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**  
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

**№ 4 (2020)**

**Павлодар**

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ**  
**Торайгыров университета**

**Филологическая серия**  
выходит 4 раза в год

---

**СВИДЕТЕЛЬСТВО**

О постановке на учет, переучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания

№ 14213-Ж

выдано

Министерством информации и коммуникаций Республики Казахстан

**Тематическая направленность**  
публикация материалов в области  
лингвистики и языкознания

**Подписной индекс – 76132**

---

**Бас редакторы – главный редактор**

Жусупов Н. К.

*д.ф.н., профессор*

Заместитель главного редактора

Анэсова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

**Редакция алқасы – Редакционная коллегия**

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

---

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/LUSF6069>**Г. А. Куребаева, М. О. Искакова, Г. А. Куребаева**

Шәкәрім университеті, Қазақстан Республикасы, Семей қ.

## **ЭМОЦИЯ ТІЛДІК ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТА ГЕНДЕРЛІК ФАКТОР РЕТІНДЕ**

*Берілген мақалада эмоцияны білдіруде тілдік құралдарды қолданудағы гендерлік ерекшелік қарастырылды. Қазіргі уақытта зерттеушілер эмоцияны зерттеу мәселесіне ерекше ден қоя бастады. Адам эмоциясы және оның лингвистикалық құралдар арқылы берілу механизмі үнемі ғылыми зерттеулер нысаны болып келеді. Бірнеше ғылымдар қатары осы мәселемен жүйелі түрде айналысады: психология, физиология, әлеуметтану, философия, этика, медицина, лингвистика. Лингвистикада эмоция алуантүрлі тілдер материалдары негізінде көптеген зерттеулер пәніне айналды. Отандық және шетел ғалымдарының бірқатар еңбектерінде эмоцияның фонетикалық, лексикалық, сөзжасамдық, фразеологиялық, сондай-ақ грамматикалық құралдар көмегімен берілетіндігі айтылады.*

*Эмотивтік мән және экспрессивтілік категориясының мазмұны сипатталды. Экспрессивтілік тілдік қарым-қатынасқа түсушілердің эмоциясын жеткізуге қызмет ете отырып, прагматикалық әлеуметке ие болады. Ғалымдардың анықтамасына сүйенсек, экспрессивтілікті айтушының өзі баяндап, әңгімелеп тұрған жайға өзінің жеке басының көзқарасын, пікірін білдіретін семантикалық-стилистикалық белгілердің, амалтәсілдердің жиынтығы ретінде қарастырамыз. Ғалымдар, экспрессивтіліктің эмоцияға байлаулы емес екендігін, эмоцияға қатысы жоқ құбылыстарға байланысты да қолданыла беретіндігін айтады, оның себебі адам айналасындағы заттар мен құбылыстарды қабылдағанда оның санасында оларға қатысты баға тууы мүмкін екендігі айқын. Бұл категорияның жалпы мазмұны сойлеушіге әсер ету мақсатындағы сойлеушінің сезімі, көңіл-күйі, қарым-қатынасын тілдік тұрғыдан құрудан тұрады; бұл категория алуантүрлі жүйелік-тілдік бірліктер мен тілдік құралдардан тұрады; сойлесімде экспрессивтілікті жүзеге асырудың мақсаты эмоционалдық тұрғыдан әсер ету эффектісі болып табылады; бұл категория функционалды-прагматикалық қызметі мен функционалды-семантикалық аспектісімен айқындалады.*

*Кілтті сөздер: эмоция, лингвистика, механизм, гендерлік ерекшелік, экспрессивтілік*

### **Кіріспе**

Психолінгвистиканың қазіргі даму сатысында тілдік жүйенің заңдылықтары мен тілдің қызмет ету ерекшеліктері адамның әлеуметтік және жеке тілдік санасы және сөйлесім әрекеті арқылы қарастырылады. Тілдік қарым-қатынаста ғалымдар этникалық топ, жыныстық топ, жасына, мамандығы, білімі, әлеуметтік ұстанымы сияқты мәселелерді анықтайды. Тілдік қарым-қатынаста осы атап көрсетілген барлық факторлар анықтала қойған жоқ, көптеген факторлар, оның ішінде гендерлік фактор тілдік тұрғыдан енді зерттелу үстінде. Гендерлік фактор ретінде ер адам мен әйел адамның қоғамдағы орны мен өзін-өзі ұстауына әсер етуші, құндылықтар мен ұстанымдардан тұратын әлеуметтік, психологиялық және мәдени-символдық аспектілер түсіндіріледі.

**Зерттеу нысаны** эмоцияны білдіруде тілдік құралдарды қолданудағы гендерлік ерекшелік.

**Зерттеу пәні** эмоцияның гендерлік тұрғыдан берілу тәсілдері.

**Мақсаты** гендерлік ерекшелікті анықтау барысында эмоцияның тілдегі көріністерін айқын беретін тілдік құралдарды қарастыру.

### **Міндеттері:**

- эмоцияны тілдік категория ретінде қарастыру;
- ер адам мен әйел адамның тілдік жүйесіндегі тілдік элементтерді талдау.

### **Зерттеудің әдістері мен нәтижесі**

Тіл мен сөйленім арқылы көрініс табатын эмоция мәселесі тілшілердің, психологтар мен аудармашылардың үнемі назарында, осы мәселені тереңдетіп зерттеу қазіргі тіл білімінде өзекті болып табылады.

Эмоция – адамның түрлі тіршілік жағдайына қанағаттануы мен қанағаттанбауын білдіретін психологиялық шартты күй. Эмоция адамның көңіл-күйіне байланысты түсінік, дегенмен осы күнге дейін эмоционалдылық мәселесі экспрессивтілікпен бірге қарастырылып келеді. Лингвистикалық сөздікте экспрессивтілік ұғымына берілген анықтама: «совокупность семантико-стилистических признаков единицы языка, которые обеспечивают ее способность выступать в коммуникативном акте как средство субъективного выражения отношения говорящего к содержанию или адресату речи» [1, 402 б.].

Ғалымдар ағылшын тілді лингвистикалық зерттеулерде «экспрессивтілік» (expressivity, expressiveness) терминінен гөрі «экспрессивтік мән» (expressive meaning) и «экспрессивті семантика» (expressive semantics) терминдерінің жиі қолдану тенденциясы қалыптасқандығын айтады [2, 15 б.].

Экспрессивтілікті эмоционалдылыққа қарағанда кең ұғым ретінде танытын Н. А. Лукьянова, М. И. Черемисина, О. А. Рыжкина сияқты ғалымдар

эмоционалдылық күйді білдіретін сөздерді экспрессивті лексикалық қорға жатқызады, яғни, осы ғалымдардың тұжырымдауынша, эмоционалдылық экспрессив негізінде пайда болған, сондықтан экспрессив бірінші деп, ал эмоционалдылық екінші деп таниды. Ал Е. М. Галкина-Федорчук осы екі ұғымға байланысты, яғни эмоционалдылық пен экспрессивтілікке байланысты мынандай пікір білдіреді: «Тілдің эмоционалды құралдары үнемі экспрессивті, бірақ экспрессивті құралдар эмоционалды болмауы да әбден мүмкін» [3, 4].

Д. С. Писарев тіл біліміндегі осы екі ұғым туралы зерттеушілердің пікірлерін талдай келе, көптеген зерттеулерде «эмоционалдылық» пен «экспрессивтілік» түсініктерінің аражігі анық көрсетілмейдігіне тоқталады. Оның пікірінше эмоционалдылық және экспрессивтілік категориялары бір бірімен байланысты, ал олардың арасындағы басты айырмашылық мынада: егер эмоционалдылықтың негізгі функциясы тілдік емес объектілерін бағалау болса, онда экспрессивтілік – әсерлі сөйлеу күші, экспрессивтілік тұрғысынан тыңдаушыға мақсатты әсер ету. «Осылайша, экспрессивтілік-адресатқа бағытталған категория, ол прагматикалық мәнге ие», – деп өз анықтамасын береді. Осы айтылған жайттан ғалымның экспрессивтілікті прагматикалық категория ретінде қарастыратындығын көреміз [4, 116 б.]. Енді осы мәселеге қатысты қазақ және орыс тілдерінің эмотивті лексикасына қатысты зерттеулер жүргізген З. Х. Ибадильдинаның пікіріне тоқталсақ: «Синонимичное употребление терминов «эмоциональды-экспрессивті», «экспрессивті-эмоциональды», «экспрессивті-эмоциональды бағалаушылық» терминдерінің синонимдік қолданысы осы терминдер туралы әртүрлі түсініктердің шегі жоқ екендігін көрсетсе керек. «Эмоциональды бояғыштық мәні бар лексика» термині сөздің эмоционалды бояуы оның стилистикалық сапасы ретінде қарастырылатын стилистикалық зерттеулер үшін ғана орынды» [5, 20 б.].

Сонымен, экспрессивтілік – бұл, психофизиологиялық негізі адамның эмоциясы мен жай-күйі болып табылатын тіл мен сөйлесім санаты; бұл категорияның жалпы мазмұны сөйлеушіге әсер ету мақсатындағы сөйлеушінің сезімі, көңіл-күйі, қарым-қатынасын тілдік тұрғыдан құрудан тұрады; бұл категория алуантүрлі жүйелік-тілдік бірліктер мен тілдік құралдардан тұрады; сөйлесімде экспрессивтілікті жүзеге асырудың мақсаты эмоционалды тұрғыдан әсер ету эффектісі болып табылады; бұл категория функционалды- прагматикалық қызметі мен функционалды-семантикалық аспектісімен айқындалады.

Эмотивтілік экспрессивтілік категориясының мазмұнын құрап, оның құрылымына кіреді, эмоционалдылық эмоцияны білдіру үшін қызмет етеді, ал экспрессивтілік – ол кең мағынадағы түсінік, өзіне эмоционалдылықты бағындыра отырып, көңіл-күйді бояуын қанықтырып, асыра бейнелеп жеткізу тәсілі. Экспрессивтілік қарым-қатынасқа түсушілердің эмоциясын жеткізуге қызмет ете отырып, прагматикалық әлеуетке ие болады.

Ғалымдар, экспрессивтілікті тілдегі көрінісіне қарай төмендегідей топтастырады:

- 1 графикалық экспрессивтілік;
- 2 фонетико-фонологиялық экспрессивтілік;
- 3 лексикалық экспрессивтілік;
- 4 фразеологиялық экспрессивтілік;
- 5 сөзжасамдық экспрессивтілік;
- 6 мәтіндік экспрессивтілік.

Сөйлеушінің эмоционалдық тұрғыдан реакция жасауы сөйлесім құрылымына енеді де, оның барлық компоненттерін қамтиды: бастауыш, баяндауыш, толықтауыш, анықтауыш, пысықтауыш. Эмоция тілдік және сөйлесім құралдары арқылы күшейтіледі: прагматикалық тұрғыдан субъект/объект, оның іс-әрекеті, сөйлемде өз тілдік бірліктерін қолдануы (мысалы, эмоционалды-бағалауыштық предикатар, одағайлар, кіріспе сөз және тағы басқа көмегімен) қарым-қатынасқа түсушілердің тілдік әрекеті.

Модалділік пен эмотивтілік байланысына Т. В. Романова: «Модальды реакциялар спикердің белгілі бір эмоционалды жағдайымен байланысты. Сөйлеушінің сөйлеу тақырыбына эмоционалды қатынасын көрсететін эмоционалды өрнек – бұл адамның айналасындағы әлемге қатынасын білдірудің нақты формасы, бұл эмоционалдылықты модальдылық санатына қосуға объективті негіз береді», – деп ашып көрсетеді [6, 110].

Көптеген лингвистер ер адамдардың әйел адамдарға қарағанда тілдегі жаңа деректерді жылдам қабылдайтындығын атап көрсетеді, олар неологизмдерді көбірек қолданады және терминология мен кәсіби лексиканы жиі қолданады [30].

«There would have been great expectations to follow-up with another chart-topper. How did you feel when the final master was in the can?» [Taylor P. J]. «It that is the case, though, Bertolucci refuses to take the rap for this homophobic denouement» [Jeffries S.].

Ағылшын тілінде әйел адамдарда эмоция етістікке қарағанда сын есімдермен жиі беріледі: to be sad, pleased, afraid, angry, happy, disgusted, glad, etc. Көптеген лингвистер, мысал үшін В. В. Потапов айтуынша, әйел адамдардың тілдік қолданысына бағалауыштық мәндегі сын есімдер тән. Ер адамдар бағалауыштық мәндегі сын есімдерді қолданған жағдайда да, тек сандық және параметрлік қасиетті анықтайтын сын есімдер қолданатындығын атап көрсетеді: «Женщина скорее скажет awful или pretty вместо very или so» [7, 94–117.].

«But obviously you formed a very unique bond with Visconti as a result of Rocco and then the Leopard. And a couple of years later you did a film called Sandra, which was radically different. That's one of the rarest films we're presenting in the season, and a lot of people haven't seen it.»

«It's fantastic» [Wootton A.]. «I was very influenced by the makeup of Claudia Cardinale in a film where she had very dark eyeliner, As soon as we hit on that for Penélope, everything changed. It was also very important» [Delgado M.].

Дегенмен осыған кері мысалдар да бар: ер адамдар эмоционалды тұрғыдан тым әсерлі сын есімдер қолданады, эпитеталар кездестіруге де болады: «What did your father think of the Conformist?... What a monstrous egoist, I say» [Jeffries S.]. «Well, because obviously Visconti had a massive influence on your life and on your career, but you obviously did many, many other things» [Wootton A.]. «And it requires a totally different style of shooting. And you just sense this automatically» [Andrew G.].

Әйел адамдардың тілдік қолданысында модалды етістіктер жиі қолданылатындығын байқатты: «But to do this kind of work, you have to be very strong, otherwise you lose your personality, your identity» [Wootton A.]. Ер адамдар сөйлесімінде модалді етістік + үстеу конструкциясы қолданылатындығын мына мысалдан көруге болады: «And I just wondered how what's interesting to me, looking at your career, is that Fellini and many other Italian directors...perhaps you could talk about the contrast between that and working in Hollywood» [Wootton A.]. Әйел адамдар ер адамдарға қарағанда өздерінің ішкі әлеміне көп тәуелді, сол себепті сезім, эмоция білдіретін сөздер мен адамның эмоционалды-психологиялық көңіл-күйін танытатын етістіктерді қолданады: «Эмоционалдылық деңгейдің жоғарылауына байланысты әйелдердің сөйлеуінде эллиптикалық және инверттелген құрылымдардың пайда болуы жоғары. Өз ойларын білдіру үшін әйел екпін және интонация сияқты эмоцияларды білдіру құралдарын жиі қолданады» [8]: «It's fantastic because I've been living thousands of lives, not only my life. Lots. I've also been doing all the literature, Italian literature» [Wootton A.].

Дегенмен осы тектес қолданыстарды ер адамдардан да байқауға болатындығын атап өтеді: «You've mentioned that you rehearsed for three months before shooting – what did that actually involve?». «I'm obsessed» [Delgado M.]. «...do you think people equate your life and art a little bit too closely?». «Yes, I do think that. I think that for some reason it gives people pleasure to equate the life of certain movie actors or actresses with their actual lives» [Andrew G.]. «I'm afraid that's all we have time for.». «Thank you all for coming. I'm flattered and astounded that you showed up, and if you see my movie, don't be too harsh on it» [Andrew G.].

Әйел адамдардан кіріспе сөз бен өзінің сенімді сөйлеп тұрғанының белгісі ретінде өз сөздері мен біреудің ойларына сілтеме түріндегі конструкциялар кездеседі, мысалы: probably, possibly, certainly, I think, I suppose, you see, to seem, to my mind. «Are you still writing songs?» – «I remember when New on Earth had finished and I told people it had taken five

years, the illusion was that I'd been five years in the studio. It was probably only three months actually spent recording» [Taylor P. J].

Н. Конклин әйел адамдарда модалді тілдік құралдардың көптеп кездесуін жалпы әйелдер сөйлеуінің белгісіздік және сенімсіздікпен сипатталуымен түсіндіруге болады дейді [9]. Ер адамдарға шартты райда сөйлеу тән екендігі анықталған: «I wish I could absorb them even more because these are the great profound cinema artists of my lifetime» [Andrew G.].

Адамның эмоционалды қалпын көрсетуде неғұрлым жиі қолданылатын тілдік бірлік – одағай. Одағайлар лексиканың ерекше бөлігін құрайды, олардың заттық-логикалық мәні болмайды. Тілші ғалымдар одағайларды эмоционалды лексика құралы деп таниды: оның сөйлемдегі орны факультативті ғана, яғни сөйлемнің мағынасына нұқсан келтірместен сөйлем ішінен жеңіл алып тастауға болады, одағай сөйлемнің басқа мүшелерімен синтаксистік тұрғыдан байланыспайды, тек сөйлемге эмоционалды реңк береді. Көптеген эмоционалды сөздер, әсіресе одағайлар, жағымды да, жағымсыз мәнде де қолданыла береді. «Oh» одағайы, мысалы, қуанышты да, ренішті де, одан басқа эмоцияларды да білдіреді. Осылайша, одағайлардың заттық мәні жоқ, эмоционалдық мағынасы сөйлемнен байқалады. «And Sarkozy...Oh, just Sarkozy. I don't know if he's going to...You know France is...Ahhhhh» [Brough G.].

Тілдің синтаксистік бөлігі тілдің жалпы жүйесінде негізгі деңгей деп есептеледі – ой мен эмоцияны беру үшін тек қана лексикалық материалды қолдану жеткілікті емес, сөздер арасындағы байланысты дұрыс және дәл құру маңызды. Тілдің синтаксистік деңгейіндегі негізгі бірліктер сөз тіркестері мен сөйлемдер. Көп жағдайда айтылымның эмоционалдығы синтаксистік құралдар арқылы жүзеге асады. Лексикаға қарағанда стилистикалық деңгейдің нақты стилдік бояуы болмайды, дегенмен де сөйлем мағынасын дәл беру синтаксиске жүктелген. Эмоционалды синтаксисті Н.В. Буренина хабарламаның негізгі мазмұнын емес, субъективті-бағалауыштық, эмоционалды-бояулы ойды тындаушыға жеткізуге бағытталған арнайы құрылымдық формациялар ретінде қарастырады [10, 28–35]. «And I feel you can be distracted – you get distracted by your relationships, you get distracted by the meaninglessness of a sporting event, by a movie, by the work that you're doing that you think is important at the time...And so we distract ourselves, and good distraction is the best we can do» [Andrew G.]. Бұл қолданыстан қайталау, анафора, параллелді конструкция секілді стилистік құралдарды көруге болады. «I'm interested in where you get your ideas from?». «Well, you know, it's a funny thing. It's good luck in my life, it's the one thing I can do. I was thrown out of school, I'm not a good student, I have no competence in any particular area» [Andrew G.].

Бұл мысалдан да қайталау, параллелді конструкция тәрізді стилистік құралдарды көреміз. «We want people to give us facts, not just opinions,



and solutions, not just gripes. We're not here to decide a stadium or a harbour crossing. We're just looking a government structures. We're doing a lot of homework but the work will really start once the hearing start» [Broadhurst C.].

Эмоцияның синтаксиске әсерін ықшамдалған сөйлемдерді (эллиптикалық сөйлемдер) зерттеу арқылы көруге болады. О. В. Добрунованың ойынша эллипсис, сөйлеу ағымын парцеллеу, сегменттеу, окшаулау, үзілісті, бұзылған құрылымдардың көмегімен эмоционалды әсерге қол жеткізуге болады. Бұл әдістер сөйлем құрылымын «босатады», коммуниканттың мазасыздығын, оның психикалық тежелуін көрсетеді. Сондықтан бұл құралдарды эмоционалдылықтың белгісі деп санауға болады [10, 25 б.]. «Did you think you'd have as much success in New Zealand in such short time?». «We believed that hard work could make us valid. Maybe it will» [Taylor P. J].

Сөйлеушінің эмоционалды жағдайын көрсетуде лепті сөйлемдердің атқаратын қызметі зор. Лепті екіпін сөйлемге тек қана эмоционалды реңк қана беріп қоймайды, ол сөйлеушінің қарым-қатынасын да көрсетеді: «I love going to the Cannes Film Festival. No sleep, but good fun!» [Brough G.].

Көптеген психологтар мен әлеуметтанушылар жоққа шығарғанмен, эмоционалдылық әйел адамға қалай тән болса, ер адамға да солай тән. Оны жоғарыда келтірілген мысалдардан анық көруге болады. Ер адамдардың тағы бір гендерлік ерекшелігі, олар тілдегі жаңа деректерді жылдам қабылдайды, неологизмдерді көбірек қолданады және терминология мен кәсіби лексиканы жиі қолданады. Әйел адамдарда эмоция етістікке қарағанда сын есімдермен жиі беріледі: олардың тілдік қолданысы бағалауыштық мәндегі сын есімдермен ерекшеленеді және әйел адамдардың тілдік қолданысында модалды етістіктер жиі қолданылады. Ер адамдар бағалауыштық мәндегі сын есімдерді қолданған жағдайда да, тек сандық және параметрлік қасиетті анықтайтын сын есімдер қолданатындығы байқалады.

### **Қорытынды**

Сонымен, ер адам мен әйел адамның тілдік репрезентациясы мына деңгейлерден тұрады:

1 Лексикалық деңгейде: әйел адамдар аффективті лексика, анықтауыштар мен модалды конструкцияларды қолдануға бейім. Ер адамның сөйлесім әрекеті әртүрлі білім саласы бойынша терминологиялық лексиканы қолдануымен ерекшеленеді, абстрактылы зат есімдер мен балағат сөздерге де толы болып келеді.

2 Стилистикалық деңгейде: әйел адамдарға сыпайлылық пен жұмсартып айту формалары, сұрақ қою арқылы анықтап алу; клише, ресми лексика, бағалауыштық мәндегі лексикалар, бейнелеп, айшықтап сөйлеу тән, күшейтпелі шырай жиі қолданады. Ер адамдарға эмоцияға берілмей, барынша қысқа, дәл сөйлеу тән, эмоцияларын жеткізулері бір сарынды.

3 Синтаксистік деңгейде: әйел адам сөйлеу актiсi үстеу+үстеу конструкциясын жиі қолдану тәсілімен, жай сөйлемдер мен күрделі сөйлемдер, сұраулы және лепті сөйлемдер арқылы ерекшеленеді. Ер адамдарда өтініш, тілек, рұқсат, кенес сұрап тұрса да бұйрық рай мәнде қолданыс табады.

### Пайдаланған деректер тізімі

- 1 Словарь лингвистических терминов. – М., 1966. – 608 с.
- 2 **Foolen, A.** The Expressive Function of Language: Towards a Cognitive Semantic Approach // The Language of Emotions. Amsterdam, 1997. – P. 15–32. 286.
- 3 **Галкина-Федорук, Е. И.** Об экспрессивности и эмоциональности в языке [Текст]. – В кн.: Сборник статей по языкознанию. – М., 1958. – С. 118–125.
- 4 **Писарев, Д. С.** Функционирование восклицательных предложений в современном французском языке и их прагматический аспект [Текст] Прагматические аспекты функционирования языка. – Барнаул: Изд-во АГУ, 1983. – С. 114–125.
- 5 **Ибадильдина, З. Х.** Эмотивная лексика казахского и русского языков: Дис. канд. филол. наук. – Алматы, 1997. – 223 С.
- 6 **Романова, Т. В.** Модальность. Оценка. Эмоциональность: Монография. Нижний Новгород, 2008.
- 7 **Потапов, В. В.** Современное состояние гендерных исследований в англоязычных странах / В.В. Потапов // Гендер как интрига познания. – М. : 2002. – С. 94–117.
- 8 **Conklin, N. F.** Toward a feminist analysis of linguistic behaviour // Papers in women's studies. London: 1974. – № 1.
- 9 **Буренина, Н. В.** Диалог и эмотивная функция языка // Диалог о диалоге: Межвуз. сб. науч. тр. Саранск: Изд-во Мордовского ун-та, 1991. – С. 28–35.
- 10 **Добрунова, О. В.** Влияние эмоций на синтаксический строй разговорной речи (на материале немецкого языка): Автореф. ... канд. филол. наук. – М., 1990. – 25 с.
- 11 **Изард, К. Э.** Психология эмоций. Санкт-Петербург: Питер, 1999. 464 с.
- 12 **Collins, W. W.** The Woman in White. Oxford: Oxford University Press, 2008. – 691 p.
- 13 Merriam-Webster: Dictionary and Thesaurus. 1964. [Электронный ресурс]. – <https://clck.ru/DSxuV>.
- 14 **Талашова, Н. Г.** Средства описания женских отрицательных эмоциональных состояний (на материале английского языка) // Евразийский союз ученых (ЕСУ). М.: Евразийский союз ученых, 2015. – № 11 (20) – С. 42–44.

**References**

- 1 Slovar lingvističeskikh terminov. [Dictionary of linguistic terms]. – M., 1966. – 608 p.
- 2 **Foolen A.** The Expressive Function of Language: Towards a Cognitive Semantic Approach // The Language of Emotions. Amsterdam, 1997. – P. 15–32. – 286.
- 3 **Galkina-Fedorýk, E. I.** Ob ekspressivnosti i emotsionalnosti v iazyke [Tekst]. [Galkina-Fedoruk, E. I. On expressiveness and emotionality in language [Text]]. – In the book: Collection of articles on linguistics. – M., 1958. – P. 118 125.
- 4 **Pisarev, D. S.** Fýnktsionirovanie vosklitsatelnyh predlozhenii v sovremennom frantsýzskom iazyke i ih pragmaticheskuu aspekt [Tekst] Pragmaticheskie aspekty fýnktsionirovaniia iazyka. [Pisarev D. S. Functioning of exclamation sentences in modern French and their pragmatic aspect [Text] Pragmatic aspects of language functioning. – Barnaul: ASU publishing House, 1983. – P. 114 125.
- 5 **Ibadildina, Z. H.** Emotivnaya leksika kazahskogo i rýsskogo iazykov: Dis. kand. filol. naýk. [Z. Ibadildin. Emotive language Kazakh and Russian languages, Diss. Cand. filol. Sciences]. – Almaty, 1997. – 223 P.
- 6 **Romanova T. V.** Modalnost. Otsenka. Emotsionalnost [Romanova T. V. Modality. Evaluation. Emotionality]: A Monograph. Nizhny Novgorod, 2008.
- 7 **Potapov, V. V.** Sovremennoe sostoianie gendernyh issledovaniu v angloiazychnyh stranah [Potapov, V. V. Current state of gender studies in English-speaking countries / V. V. Potapov // Gender as an intrigue of knowledge]. – M. : 2002. – P. 94–117.
- 8 **Conklin, N. F.** Toward a feminist analysis of linguistic behaviour // Papers in women's studies. London: 1974. № 1.
- 9 **Býrenina, N. V.** Dialog i emotivnaya fýnktsiia iazyka [Burenina N. In. Dialogue and emotive language function] // Dialogue about dialogue: Mezhevuz. SB. nauch. Tr. Saransk: Publishing house of the Mordovian University, 1991. – S. 28–35.
- 10 **Dobrýnova, O. V.** Vliianie emotsii na sintaksicheskuu stroiu razgovornoii rechi (na materiale nemetskogo iazyka) [Dobrunov O. V. the Influence of emotions on the syntactic structure of spoken language (on a material of German language)]: Avtoref. ... Cand. Philol. nauk. – M., 1990. – 25 s.
- 11 **Izard, K. E.** Psihologiya emotsii. [Izard K. E. Psychology of emotions]. Saint Petersburg: Piter, 1999. – 464 p.
- 12 **Collins, W. W.** The Woman in White. Oxford: Oxford University Press, 2008. – 691 p.
- 13 Merriam-Webster: Dictionary and Thesaurus. 1964. [Electronic resource]. – <https://clck.ru/DSXuV>.
- 14 **Talashova, N. G.** Sredstva opisaniia jenskikh otritsatelnyh emotsionalnyh sostoianii (na materiale angliiskogo iazyka) [Talashova N. G. Means of describing

women's negative emotional States (based on the material of the English language)]  
// Eurasian Union of scientists (ESU). – Moscow : Eurasian Union of scientists,  
2015. No.11 (20) – P. 42–44.

Материал баспаға 10.12.20 түсті.

Г. А. Куребаева, М. О. Искакова, Г. А. Куребаева

**Эмоция как гендерный фактор в языковом общении**

Университет Шакарима,

Республика Казахстан, г. Семей.

Материал поступил в редакцию 10.12.20.

G. A. Kurebayeva, M. O. Iskakova, G. A. Kurebayeva

**Emotion as a gender factor in language communication**

Shakarim University,

Republic of Kazakhstan, Semey.

Material received on 10.12.20.

*В данной статье рассмотрена гендерная специфика использования языковых средств выражения эмоций. В настоящее время исследователи начали уделять особое внимание проблеме изучения эмоций. Человеческая эмоция и механизм ее передачи лингвистическими средствами постоянно становятся объектом научных исследований. Этим вопросом систематически занимается ряд наук: психология, физиология, социология, философия, этика, медицина, лингвистика. В лингвистике эмоция стала предметом многочисленных исследований на материале различных языков. В ряде работ отечественных и зарубежных ученых отмечается, что эмоции передаются с помощью фонетических, лексических, словообразовательных, фразеологических, а также грамматических средств.*

*Охарактеризовано содержание категории эмотивной сущности и выразительности. Экспрессивность приобретает прагматический потенциал, служа для передачи эмоций вступающих в языковое общение. Ученые отмечают, что экспрессивность не привязана к эмоциям, она может использоваться и в связи с явлениями, не связанными с эмоциями, причина которых очевидна, что при восприятии человеком окружающих предметов и явлений в его сознании может рождаться оценка по отношению к ним. Общее содержание данной категории состоит в языковом построении чувств, настроений, общения говорящего с целью воздействия на говорящего; данная категория*

*состоит из различных системно-языковых единиц и языковых средств; целью реализации выразительности в разговоре является эффект аффекта с эмоциональной точки зрения; данная категория определяется функционально-прагматическим функционированием и функционально-смысловым аспектом.*

*Ключевые слова: эмоция, лингвистика, механизм, гендерная специфика, экспрессивность.*

*This article examines the gender specificity of using language means of expressing emotions. Currently, researchers have begun to pay special attention to the problem of studying emotions. Human emotion and the mechanism of its transmission by linguistic means are constantly becoming the object of scientific research. This issue is systematically dealt with by a number of sciences: psychology, physiology, sociology, philosophy, ethics, medicine, linguistics. In linguistics, emotion has been the subject of numerous studies on the material of various languages. In a number of works of Russian and foreign scientists, it is noted that emotions are transmitted using phonetic, lexical, word-forming, phraseological, and grammatical means.*

*The content of the category of emotive essence and expressiveness is characterized. Expressiveness acquires a pragmatic potential, serving to convey emotions entering into language communication. Scientists note that expressiveness is not tied to emotions, it can also be used in connection with phenomena that are not related to emotions, the reason for which is obvious that when a person perceives surrounding objects and phenomena in his mind, an assessment can be born in relation to them. The general content of this category consists in the linguistic construction of feelings, moods, communication of the speaker in order to influence the speaker; this category consists of various system-language units and language means; the purpose of implementing expressiveness in conversation is the effect of affect from an emotional point of view; this category is defined by functional-pragmatic functioning and functional-semantic aspect.*

*Keywords: emotion, linguistics, mechanism, gender specificity, expressivity.*

Теруге 10.12.2020 ж. жіберілді. Басуға 15.12.2020 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

2,22 Мб RAM

Шартты баспа табағы 22,7. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. Шукурбаева

Корректор: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3699

Сдано в набор 12.12.2020 г. Подписано в печать 15.12.2020 г.

Электронное издание

2,22 Мб RAM

Усл. печ. л. 22,7. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. Шукурбаева

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3699

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz